

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ

БЕКІТЕМІН



Академиялық мәселелер
бойынша Басқарма мүшесі –
проректор

Д.М.Абдрашева

«29» 07 2022 жыл

ШЕКАРАЛАС ШЕТЕЛ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ҰЛТЫ ҚАЗАҚ
АЗАМАТТАРЫН ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті оқуға түсуші ұлты қазақ шетелдік азаматтар арасында «Мен таңдаған мамандық» тақырыбында онлайн эссе байқауын өткізеді.

Байқаудың өткізілу тәртібі келесі кезеңдер бойынша жүзеге асады:

I.	Байқауға қатысушылардан өтінімдер мен эссе материалдарын қабылдау	01-10 тамыз, 2022 жыл
II.	Материалдарды сараптау және жеңімпаздарды анықтау	11-12 тамыз, 2022 жыл
III.	Байқау жеңімпаздарын жариялау.	15 тамыз, 2022 жыл

Байқауға қатысушыларға «Мен таңдаған мамандық» тақырыбында эссе жазу ұсынылады.

Эссе жазу барысында эссе жанрының ерекшеліктері мен оған қойылатын талаптар орындалуы тиіс:

- таңдалған тақырыпқа сәйкестігі – 10 ұпай
- эссе жанрына қойылатын талаптарды сақтауы – 10 ұпай
- эссеге өзекті мәселені арқау етуі – 10 ұпай
- оқушының өзіндік көзқарасы – 10 ұпай
- ішкі мазмұнның бірлігі – 10 ұпай

Жіберілген материалдарды сараптауды арнайы құрылған комиссия жүзеге асырады.

Іріктеуден өткен материалдар мен жеңімпаздар Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ресми сайтында жарияланатын болады (www.korkyt.edu.kz).

Ескерту: Ғаламтордан көшірілген материалдар қарастырылмайды. Эссе көлемі 200 сөзден кем болмауы кұпталады. Әр автордың шығармасы компьютермен Times New Roman қарпімен, 1.0 интервалымен, 14-кегельмен терілуі керек.

Қорытындылау және қатысушыларды марапаттау:

Байқау қорытындысы бойынша жүлдегерлер Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Білім грантын» иеленеді. «Білім гранты» 1-ші оқу жылына беріледі, кейінгі оқу жылдарына үлгерімі «Өте жақсы» (А,А-),«Жақсы» (В+,В,В-,С+) болған жағдайда жалғасады.

Байқауға қатысу үшін үміткер recruiting.qorqyt@gmail.com электронды поштасына 2022 жылдың 10 тамызына дейін **өтінім** (Қосымша 1) мен **эссе материалын** (Қосымша 2) жіберуі тиіс.

Басқарма мүшесі - әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор



Ж.Н.Базартай

Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры



Б.А.Досжанов

Тіркеуші офис бөлімінің басшысы



М.М.Абжаев

Рекрутинг орталығының жетекшісі



Ж.Ш.Оразмаханов

Өтінім формасы

1	Талапкердің толық аты-жөні:	
2	Тұрғылықты мекен-жайы:	
3	Бітірген оқу орнының атауы мен мекен-жайы:	
4	Талапкердің Қорқыт Ата университетінде білім алғысы келетін мамандығы:	
5	Байланыс телефондары Талапкер: Анасы: Әкесі:	
6	Электронды поштасы:	

7. Жеке басын растайтын төлқұжаттың (паспорт) электронды нұсқасы;
8. Талапкердің электронды суреті;
9. Білім беру ұйымын бітіргендігін растайтын аттестат немесе дипломның электронды көшірмелерін өтініммен бірге recruiting.qorqyt@gmail.com поштасына жіберу керек.

Эссе
«Мен таңдаған мамандық»